

Андатпа

Бұл дипломдық жобада метал кескіш станоктардың электр жетектері қарастырылды. Оның ішінде 16М30 маркалы темір кесетін станокқа толығырақ тоқталдым. Негізгі бөлімге берілген тапсырмалар бойынша күштік элемент схемаларын есептеп таңдадым. Таңдап алынған кескіш станокқа электрқозғалтқышын таңдап, оны қоректендіретін трансформаторды таңдадым. Аталған метал кесетін станоктың электр жетегін ТТ – Қ жүйесі арқылы жетілдірдім. Сонымен қатар ТТ – Қ жүйесін MATLAB математикалық бағдарламасында үлгісін тұрғыздым. Тұрғызылған үлгі арқылы моменттің және жылдамдықтың сипаттамалары алынды.

Өміртіршілік қауіпсіздігі бөлімінде темір кесетін станоктың электр жетегін қолдану кезіндегі (монтаж, жөндеу т.б.) техника қауіпсіздігіне талдау жасалды. Цехтағы табиғи және жасанды жарықтандырылуына, ғимарат ішіндегі жасанды ауа алмасуына есептеме жүргізілді. Жүргізілген есептемелер бойынша ғимарат ішіндегі жарық ағынына байланысты шамдар орналастырылды.

Ал, экономикалық бөлімінде капиталды шығындар, экономикалық тиімділік, электржабдықтың жөндеуге және күтімге алуға шығындарды анықтау, жылдық шығын және подстанцияның техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің есебі қарастырылды. Сым созығыш станның генераторқозғалтқыш жүйесін тиристорлы түрлендіргіш- қозғалтқыш жүйесіне ауыстыруына есептемелер жүргізіліп, экономикалық тиімділігі анықталды.